

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына  
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 758 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына  
мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар  
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы 52-1) тармақшамен толықтырылсын:

"52-1) телерадио хабарларын тарату желілерін табиғи және техногендік сипаттағы  
төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және  
қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты құлақтандыру үшін,  
сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде  
пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*